



7-дәріс



ҚАЗАҚСТАННЫҢ
АШЫҚ
УНИВЕРСИТЕТІ

КИНО ӨНЕРІНЕ КІРІСПЕ

Кино және форма





Кітап: Кино өнеріне кіріспе

Дәріс: Кино және форма

Дәріс авторы: Молдияр Ергебеков

Негізгі идеялар:

1. Өнер туындысының бөліктері арасындағы қатынастардың жалпы жүйелік схемасы «форма» деп аталады.
2. Кинофильмдерді формалық түрде толықтай ұйымдастырудың бірнеше жолы бар болса да, оқиғаны баяндау формалық ұйымдасудың ең көп тараған жолы.
3. Кинофильмді кенеттен немесе бірте-бірте бастаудың кез-келген стратегиясы көрерменге қатты әсер етуі мүмкін.
4. Өнер адамы өзінің туындыларын қалыптастырады – оған форма береді. Сондықтан да кино өнерінде де форма өте маңызды.
5. Форма – формалық үлгінің негізі.
6. Көрермендер әңгімеге, яғни баяндау элементтерінің формасына бағынады.
7. Формалық болжалдар – киноның формасы назарымызды ұстап тұрғанда пайда болады.
8. Қызығушылық – баяндаушы форманың маңызды факторы.

Фильмдер:

Волшебник страны Оз (1939)

Бұған дейін кино өндірісі, таралымы, көрсетілімі яғни жалпы кино индустриясы жайында әңгіме қозғадық. Ендігі кезекте киноның формасына байланысты мәселелерді түсіндіретін боламыз.

Дәрісімізге бастамас бұрын мынадай сұрақтарға ойша жауап іздейік:

1. Егер фильм түсірер болсаңыз, әртүрлі бөліктерді біріктіру үшін қандай нұсқауға сүйенер едіңіз?
2. Оларды бір-бірімен қалайша үйлестіретін едіңіз?
3. Көрермендердің бүкіл фильмнен алатын әсерін қалыптастыру үшін нендей амал жасар едіңіз?

Осы сұрақтарға жауап беру, әрбір көрген фильмімізге қандай реакция бергенімізді және киноның өнер құралы ретінде қалайша жұмыс жасайтынын түсінуімізге көмектеседі.

Бұл және келесі лекцияларымызда осы сұрақтар мен жауаптар төңірегіндегі мәселелер қарастырылады.

Фильмнің кездейсоқ жиынтықтардан құралмаған екенін болжауға болады. Әрбір фильм басы, ортасы және соңы бар бүтіндікке ие. Бұлар шығарманың негізгі бөліктері және өзара байланыс жүйесіне ие. Бөліктер арасындағы бұл қарым-қатынастар жүйесіне форма дейміз.

Басқаша айтар болсақ әрбір өнер туындысы көптеген бөліктерден тұрады және бұл бөліктер санаға қонымды логика тарапынан басқарылып, бір-бірімен қатынасқа кіреді. Бұл қарым-қатынас бір жүйені қалыптастырады. Бұл жүйеге форма дейміз.

Кинематографияны өнер ретінде тануымыз үшін оның формасына үңілуіміз керек. Өйткені формасыз өнер жоқ. Сондықтан да әрбір киногер кино өндірісінің әр кезеңінде фильмінің формасы жайлы ойланады. Әрбір кезеңде формалық мәселелердің туындауы креативті шешімдердің қабылдануын қажет етеді.

Сондықтан да форма, қай өнердің түрі болса да төрден орын алатын маңызға ие. Өнер формасы идеясы жүздеген жылдар бойы философтардың, өнер адамдарының және сыншылардың санасын қаузаған болатынды.

Кино өнеріндегі форма түсінігі

Форма қандай жүйе?!

Көркем өнер туындылары іспеттес кино өнерінің де формасы бар. Жоғарыда айтып өткеніміздей ең кең мағынада қарастырғанда біз фильм бөліктерінің арасындағы өзара байланыстар жүйесіне форма деп түсінеміз.

Алайда форманың мағынасы өте кең болғандықтан, фильмдер арқылы түсіндіруге тырысайық. 1939-жылы көрсетілімге кірген «Оз елінің сиқыршысы» атты фильмде көрермен бірнеше ерекшеліктерді байқайды. Фильмде ашық түрдегі баяндау элементі бар. Бұл элементтер фильмнің әңгімесін қалыптастырады. Фильмнің негізгі кейіпкері Дороти түс көреді. Түсінде торнадонның оны Оз деп аталатын бір елге ұшырып әкеткенін көреді. Сол елде ол басқа кейіпкерлермен кездесіп, олармен бірге шытырман оқиғаларды бастан кешіреді. Дороти ақыр соңында түсінен оянғанында өзінің Канзастағы үйінде екенін түсінеді.



Кітап: Кино өнеріне кіріспе

Дәріс: Кино және форма

Дәріс авторы: Молдияр Ергебеков

Бұл фильмде баяндау желісімен қатар стилистикалық элементтерді де байқай аламыз: Олар камераның қозғалысы, кадрдағы түстердің орналасу реті, музыка мен басқа да құрылғылардың қалай қолданылғанын байқаймыз. Стилистикалық элементтерді даярлағанда түрлі техникалар қолданылады. Оларды алдағы дәрістерде қарастыратын боламыз.

«Оз елінің сиқыршысы» фильмі бізді ерекше әсерге бөлеу мақсатында жүйелі түрде жобаланғандықтан, біз қойылымдағы әрбір элементті бір-бірімен белсенді түрде байланыстырамыз. Біз торнадоға Доротиді Оз еліне саяхаттауына себепші болған деп қараймыз. Сонымен қатар Оз елінде кезіктірген кейіпкерлер мен Доротидің Канзастағы шынайы өміріндегі кейіпкерлер арасында ұқсастықтың бар екенін байқаймыз.

Бұл жерде әр түрлі стилистикалық элементтер де форманың нобайлық үлгісін қалыптастырады. Дороти саяқатында серік болатын әрбір жолсерікті жолықтырғанда «Біз сиқыршыны көруге барамыз» әні айтылатынын түсінеміз. Осылайша бұл фильмнің тұтастығын фильмнің баяндау тәсілі мен стилистикалық ерекшелігінің қалыптастырып отырғанын алға тартамыз.

Негізінде санамыз бұл жүйелерді бір-бірімен өзара байланыстырады. «Оз елінің сиқыршысы» фильміндегі баяндау үрдісін стилистикалық үлгі құрумен байланыстыруға болады. Мысалы фильмде Канзас кара-ақ түспен берілген болса, Сары Кірпіш Жол болса түрлі-түсті етіп көрсетілген. Камера қозғалысы назарымызды баяндаудың экшн ерекшелігіне аударады. Ал музыкалық сүйемелдеу болса нақты кейіпкерлер мен жағдайларды сипаттау үшін қолданылады. Осы аталған барлық элементтердің арасындағы өзара байланыс «Оз елінің сиқыршысы» фильмінің жалпы формасын қалыптастырады.

Оз елінің сиқыршысы атты фильмнің Канзастағы эпизодты және Сары Кірпіш Жол эпизоды көрсетіледі.

«Форма» және «Мазмұн»

Көбінесе адамдар «форманы» «мазмұнға» қарама-қайшы дүние деп ойлайды. Бұлай ойлайтын адамдар поэманы, музыкалық туындыны немесе фильмді, яғни кез келген өнер туындысын құмыраға ұқсайды деп ойлайды. Бұл көзқарас бойынша сыртқы пішіні бар құмыра ыдыстағы сұйықтықты оп-онай тостаған немесе шелекке құйып қоюға болатын сұйықтыққа толы. Олай болаты болса дейді, бұл көзқарас форманың маңыздылығы мазмұнға қарағанда әлдеқайда аз.

Алайда біз бұл пайымды қабылдамаймыз. Біздің ойымызша егер форма дегеніміз көрерменнің фильмге тән қылған тұтас бір жүйе болатын болса, мұндай жағдайда фильмнің сырты немесе іші жоқ деген сөз. Яғни әрбір компонент көрерменнің назарын аударатын тұтас бір үлгінің бір бөлігі ретінде қызмет етеді. Сондықтан да кейбір адамдардың «мазмұн» ретінде қабылдаған нәрселерін «форма» деп қарастыратын боламыз. Біздің көзқарасымыз бойынша тақырып пен барлық абстрактілі идеялар көркем өнер туындысының жалпы формасынан орын алады. Олар фильмнен күтетін нәрселерімізді қалыптастыруымызға немесе белгілі бір мүмкіндіктерді түсінуімізге әсер етуі мүмкін. Көрермен бұл элементтерді бір-бірімен динамикалық түрде байланыстырады. Осылайша, тақырып пен идеялар көркем өнер туындысынан бөлек бола алатыны үшін біршама өзгеше дүниеге айналуы мүмкін.

Жат ғаламшарлық пен беймәлім ұшатын нысан жайындағы фильмдерді қарастырайық. Кең таралған пайым бойынша жат ғаламшарлықтың ниеті жақсы немесе дұшпандық болуы мүмкін. Алайда беймәлім ұшатын нысан туралы фильм түсіргіңіз келсе, тақырыпты ашуды қалай іске асыратыныңызды шешіп алғаныңыз жөн. Бұл шешім формаға қатысты болуы мүмкін.

«Тәуелсіздік күні» фильмінде жат ғаламшарлықтардың басқыншылар ретінде көрсетілуі мен төнген қауіпті жену үшін Америка қоғамының бірігуі негізге алынған баяндау тәсілімен керемет ұштасады.

Ал «Үшінші дәрежелі жақын қарым-қатынас» фильмінде жат ғаламшарлықтар адамдардағы таңғажайыпты сезіне алу қабілетін қалпына келтіретін және жақсы өмір сүруге үміт сыйлайтын рухани тәлім берушілер ретінде көрсетілген.

Ал «Марс шабуылдады!» фильміндегі жат ғаламшарлықтар болса алғашында жақсы болып көрінеді, алайда кейін өздерінің зұлым екендерін көрсетеді. Олар қолданған айла-тәсілдер адамдар құрған биліктің дәрменсіздігін айқындайды. Фильмнің осындай мәнерде баяндалуы заманауи саясат пен медиаға жасалған керемет сатира.

Киногерлердің әр жағдайда формаға қатысты жасаған таңдаулары жат ғаламшарлықтар жайлы басты тақырыпты өзгерткен. Бұл жерде «мазмұн» деп атауға болатын нәрсенің фильмнің формалық контексті



Кітап: Кино өнеріне кіріспе

Дәріс: Кино және форма

Дәріс авторы: Молдияр Ергебеков

арқылы басқарылуда екенін байқауға болады.

Форма және біздің күтетініміз

Енді фильм бізді қалай баурап, назарымызды ұстап тұратынын жақсырақ бақылай алатын күйге жеттік. Неліктен күтпеген сәтте үзілген музыка немесе бітпей қалған бір хикая көңіл күйімізге әсер етеді? Формаға деген күшті ынтызарлығымыздың салдарынан. Элементтер арасындағы өзара байланысты ұштастырғаннан кейін біз оқиға желісінің әрі қарай дамып, аяқталғанын қалаймыз.

Нәтиженің қандай болатынын күту күнделікті өмірімізге оң береді. Жүргізілген психологиялық тәжірибелер адамдарға арзан шарапты қымбат деп айтса, олар дегустация жасаған кезде шарапты шынайы құнына қарағанда әлдеқайда жоғарырақ бағалайтынын көрсетті.

Яғни адамдағы өніммент күтетін нәрсесін қалыптастыру үдерісі сол өнімді жарнамалауда басты орын алады. Фильмнің атауы, көрсетілімі туралы жарнамалар және оның онлайн түрде жылжытылуы мен трейлерлері арнайы болжалдарды қалыптастыруға бағытталған. «12 жылға созылған құлдық» фильмнің атына қарап, оны әдептен озған жасөспірімдер жайлы комедия екен деп бармауыңыз мүмкін, солай ғой?!

Болжал үдерісінде біздің көркем өнер туындыларынан алатын әсерлеріміз де қамтылады. Детектив оқыған кезде орын алған жағдайдың сыры белгілі бір уақытта – әдетте соңына қарай ашылады деп күтеміз. Музыкалық туындыны тыңдаған кезде әуен немесе мотивтің қайталануын тосамыз. Біздің өнер туындысына деген әуестігіміз басынан аяғына дейін болжалға, яғни біздің күтетін нәрсемізге байланысты болады.

Мұны шағын тәжірибе жасау арқылы көрсете аламыз.

«1» дегеніміз цифрлық тізбектің бірінші саны деп ойлайық. Одан кейін қандай сан келеді?

«1 және 2»

1 санын көргеннен кейін келесі сандар цифрлық тізбектегі тәртіпке сай жалғанады деп ойлап қалуыңыз мүмкін. Сіздің күткеніңіз расталды; 1-ден кейін 2 келді.

«1-2»-ден кейін қандай сан жалғанады? Адамдардың көбі «3» деп жауап беруі мүмкін. Алайда форма әрдайым бастапқы болжалға сай келе бермейді.

«1-12-1 тууы мүмкін, тіпті туды делік.

Туындаған форма бізді аздап таңқалдырады. Егер формалық өзгеріс түсінбестік тудырса, болжамымызды ыңғайға қарап түзетіп, қайта тырысып көреміз. «1-2-1»-ден кейін қандай сан жалғанады?

«1-2-1-3»

Немесе бұл жағдайда негізінде екі цифрлық орам туындауы мүмкін: «1-2-1-2» немесе «1-2-1-3».

Егер «1-2-1-3» болады деп болжасаңыз, күткеніңіз орындалды. Енді келесі әріптің қандай болатынын сенімді түрде жорамалдай аласыз. Егер таңдау «1-2-1-2» цифрлық орамына түседі деп күткен болсаңыз сіз әлі де келесі әріптің қандай болатыны жайлы шешуші болжам жасауыңызға тура келеді:

«1-2-1-3-1»

Бұл ойын қаншалықты қарапайым болып көрінгеніне қарамастан, ол форманың тартымдылығының қуаты қандай екенін көрсетеді. Көрермен немесе тындарман ретінде фильмнің бөліктерін жіберіп алмауға тырысасыз. Үлгінің уақыт өте қалай дамығанына қарай күтілетін нәтижелердің болжалын жасап, оларға түзету енгізу арқылы жоғарыда аталған бөліктермен белсенді түрде жұмыс жасайсыз.

Егер киногер болсаңыз көрермендерде ненің болатыны жайлы болжал жасау және күту сезімдерін қалыптастырғыңыз келеді. «Юра дәуірінің саябағы» және «Үшінші дәрежелі жақын қарым-қатынас» фильмдерінің ашылу сахнасы дәл осы ойды жүзеге асырудан басталды. Осы іспеттес «Оз елінің сиқыршысы» фильмі де Доротидің өз иті Тотомен жол бойымен төмен қарай жүгіріп бара жатқанынан басталады. Біз бірден болжалдар құра бастаймыз. Ол біреуден қашып бара жатқандай көрінеді; Оны ұстап алар ма екен? Мүмкін ол басқа кейіпкерлерді кездестіріп, диттеген жеріне жетіп те қалар. Тіпті осы іспеттес қарапайым экшн да бізді баяндау тәртібінің өрбуіне қатысуға шақырып, қандай жағдайдың орын алатынына қатысты болжалдарымызды түзетіп отырады. Біршама уақыт өткеннен кейін Доротидің Канзасқа оралуына қатысты қалауының орындалғанын күтеміз. Шынында да «Оз елінің сиқыршысы» фильмінің параметрлері 1-2-1 формасының кең ауқымды көрінісін қалыптастырады: Канзас-Оз-Канзас.

«Оз елінің сиқыршысы» фильміндегі оқиғаның формалық тұрғыда өрбуі жоғарыда жасаған жаттығуымыздай біздің күткенімізді тез арада қанағаттандырмайтындығын байқаған боларсыз. Киногер болжалымыздың орындалуын кідіртіп, кульминациялық сәтті күттіртіп қойса, аудитория әдетте белгісіздік



Кітап: Кино өнеріне кіріспе

Дәріс: Кино және форма

Дәріс авторы: Молдияр Ергебеков

сезіміне бөленеді.

Қазірдің өзінде бізді еліктіру үшін киногерлердің формаға қатысты қолданған креативті шешімдерінің бірнеше ықтимал амал-тәсілдерін білеміз. Киногер болжалдарды қалыптастырып, содан кейін оларды қанағаттандыра алады. Сонымен қатар киногердің белгілі бір болжалдарды қалыптастырып, кейін оларды қанағаттандырмау арқылы тосын сый жасауына да болады. Я болмаса киногер болжалымызды бұзуды таңдауы мүмкін.

Әдетте өнерді рахатқа бөленумен байланыстырамыз, алайда көркем өнер туындыларының көбі қарама-қайшы сезім, шиеленіс пен есеңгіреуді тудырады. Көркем өнер туындысының формасы теңгерімсіз немесе қарама-қайшы болғаны үшін жағымсыз көрінуі мүмкін. Мысалы эксперименталды фильмдер көңілімізді жайландырудың орнына кейде түршіктіреді. «Ас», «Сары шаянның тууы» және басқа да авангард жанрындағы фильмдерді көргенде адамдар абдырап, есеңгіреп қала жаздайды. Сергей Эйзенштейннің «Қазан», фильмінің монтажын қалай іске асырғанын және Жан-Люк Годардың «Соңғы дем» фильмінде қолданған стилін қарастырған кезімізде жоғарыдағыға ұқсас тегеурінді сындарды кездестіреміз.

Қосымша ресурстар:

1. Ellis, Jack C. (1995). A History of Film. 4th Edition. Boston, London, Toronto, Sydney, Tokyo & Singapore: Allyn and Bacon.
2. Nowell-Smith, Geoffrey (1999). The Oxford History of World Cinema. Oxford University Press.
3. Pechter, William S. (1971). Twenty-four Times a Second: Films and Film-makers. New York. Evaston & London: Harper & Row Publishers.
4. Pirie, David (Ed.) (1981). Anatomy of the Movies. Inside the Film Industry: The Money, the Power, the People, the Craft, the Movies. New York: Macmillan Publishing Co., Inc.
5. Robinson, David (1974). The History of World Cinema. New York: Stein and Day Publishers.